

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ  
«ХРОМТАУ АУДАНДЫҚ БІЛІМ  
БӨЛІМІ»ММ  
«№6 ХРОМТАУ ГИМНАЗИЯСЫ» КММ

031100, Хромтау қаласы  
Әуезов көшесі 126  
Факс: 8 (71336) 27-7-52  
Тел: 8 (71336) 27-7-40

E-mail:hrom\_gimnaziya6@mail.ru



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН  
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ  
КГУ «ХРОМТАУСКАЯ ГИМНАЗИЯ №6»  
ГУ «ХРОМТАУСКИЙ РАЙОННЫЙ  
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ»

031100, город Хромтау  
улица Ауезова 126  
Факс: 8 (71336) 27-7-52  
Тел: 8 (71336) 27-7-40

E-mail: hrom\_gimnaziya6@mail.ru

БҰЙРЫҚ  
2016 жылғы 3 қыркүйек  
Хромтау қаласы

ПРИКАЗ  
№ 116 н/қ  
город Хромтау

### Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №986 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясының» IV-тарауын орындау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының сақталуы қатаң жауапкершілікке алынсын.

2. Білім алушыларды отанға деген сүйіспеншілікке, адамдарды және дәстүрлерді құрметтеуге, білім мен еңбекке ұмтылуға, көргенділік пен адалдыққа тәрбиелеу;

- осы мәселе бойынша сынып жетекшілерімен жиналыс өткізілсін

- оқушылар мен сынып жетекшілерінен, оқушылардың ата-аналарынан ақша жиналуына тыйым салынсын;

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу бойынша іс-шаралар жоспары құрылсын.

4. Сыбайлас жемқорлық көріністерінен туындайтын қауіп-қатерден Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлыққа байланысты құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектепте жұмыс жасайтын барлық мұғалімдер мен қызметкерлер таныстырылып, қолдары қойдырылсын.

5. «Жемқорлыққа жол жоқ» тақырыбымен стенд безендірілсін.

6. «Сенім» жәшіктерге келіп түскен азаматтардың өтініштері, ұсынысы және арыздарын, «Сенім телефоны» бойынша түскен өтініштер мен арыздарды талдау арқылы жемқорлық көріністерді мониторингілеу жұмыстары жүргізілсін.

7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық оқыту жауапкершілігі және осы бұйрықтың орындалуы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.И.Жасаганбергенова жүктелсін.

Гимназия директоры:

Г.О.Мукашева

Бекітемін:  
 Гимназия директоры:  
 Мукашева Г.О  
 29 тамыз 2016 ж

**2016-2017 оқу жылы бойынша №6 Хромтау гимназиясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында өткізілетін іс-шаралар жоспары**  
**Мақсаты:** сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқыту арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы жоғары мәдениет деңгейін қалыптастыру

№	Іс -шаралар	түрі	кімдер қамтылады	уақыты	жауаптылар
1	Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары	дәріс	ұстаздар, кіші қызметкерлер	қыркүйек	Тлеуова М
2	«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізу - баршамызға ортақ міндет»	дөңгелек үстел	ұстаздар	караша	Жасаганбергенова Б
3	«Қазақстан Республикасының қызметшілерінің Ар-намыс Кодексін» көрсетілген талаптарды бұзушылықтарға жол бермеу	құқықтық білім	ұжым	жыл бойына	Г.О.Мукашева С.Абдуллина - кәсіподақ ұйымының төрағасы
4	Қызметтік этика – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың басым шарты	дөңгелек үстел	ұстаздар	қаңтар	Г.О.Мукашева
5	«Сыбайлас жемқорлықпен күрес-көптің ісі»	әңгіме сағат	9-11 сынып	ақпан	Жасаганбергенова Б
6	Адал еңбек өмірді жақсартудың басты құралы	әңгіме сағат	7-8 сынып	наурыз	Жаймахан А
	Қоғамға жат көріністер	Сурет байқауы	5-11 сынып	сәуір	Өзін-өзі басқару ұйымы
7	Педагогтардың ар-намыс кодексін сақтауларына қатаң бақылау жүргізу	Жұмыс барысында	-	жыл бойына	Мектеп әкімшілігі
8	Байқалған көріністерге жол бермеу, алдын-алу	Жұмыс барысында	-	жыл бойына	Мектеп әкімшілігі
9	Мектептегі мемлекеттік қызмет көрсету талаптарының нақты орындалуын есте сақтауды жүзеге асыру	Қабылдау Тамақтандыру, лагерь, үйден оқыту	-	жыл бойына	Мектеп әкімшілігі жауапты тұлғалар
10	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бағыты	Сынып сағаты	1-11 сынып	Жоспарға сәйкес	Сынып жетекшілер

Дайындаған: Жасаганбергенова Б.И

## 2016 жылдың қаңтар айынан №6 Хромтау гимназиясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген жұмыстар жөнінде мәлімет


«Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері» Қазақстан Республикасының білім жүйесінде даму перспективаларын, басым бағыттарды, мақсаттарды, міндеттерді, бағалау белгілерін және тәрбие механизмін белгілейді. Бұл құжат барлық білім мекемелерінің тәрбие жұмысының жоспарларын әзірлеу үшін негіз болып табылады. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. 18 қаңтарда «Жеткіншектер мен жастар ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың ерекшеліктері» тақырыбында сынып жетекшілермен семинар өтті. Тақырып бойынша дәріс оқылып, сынып жетекшілер ұсыныс, пікірлерін айтып, іс-тәжірибелерімен бөлісті.



10 ақпан күні сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің алдын алу мақсатында 5-6 сынып білім алушыларымен «Адал еңбек өмірді жақсартудың басты құралы» тақырыбында, 11 ақпан күні 7-8 сынып білім алушылармен «Сыбайлас жемқорлықпен күрес-көптің ісі» тақырыбында өзін-өзі басқару ұйымы әңгіме сағаттар өткізді. Әңгіме барысында сыбайлас жемқорлық туралы білім алушылар пікірлерін ортаға салып, өзара ой бөлісті.



Наурыз айында «Қоғамға жат, сыбайлас жемқорлық көріністері» тақырыбында сурет байқауы болып өтті. Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік қатынасты қамтып көрсететін, «Адалдық – тәртіп нормасы» берік азаматтық позициясын бағамдайтын сыбайлас жемқорлықты көпшілік кінәлауда көрінетін құндылықтар жүйесі. 11 сәуір «Адалдық – тәртіп нормасы» тақырыбында 11 сынып білім алушылармен пікірталас өтті. Алдымен адалдық сөзі туралы білім алушылардың пікірлері тыңдалып ұлы Абай, Шәкәрім сөздерінен түсінік берілді.



Сыбайлас жемқорлыққа қарсы арнайы стенд жабдықталды. Облыстық сурет байқауында 9ә сынып білім алушысы «Жемқорлыққа індет-күресу міндет!» жұмысымен жүлделі ІІІ орынға ие болды. Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында «Мемлекеттік қызмет-елдің мүддесіне адал еңбек» атты шығармалар байқауында -ІІІ дәрежелі диплом Жұбатқан Жайнагүл, Алғыс хат Сайлаубай Әдемі Өскелең ұрпақты тәрбиелеу қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың маңызды факторы болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында 5-11 сыныптарда «Жемқорлық індет – жою міндет», «Сыбайлас жемқорлық дегеніміз не?», «Жемқорлық – қоғам дерті», «Сыбайлас жемқорлықпен күрес-көптің ісі», «Біз-сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз!» т.б тақырыптарды тәрбие сағаттары өткізілді.

Қыркүйек айында «Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың негізгі бағыттары» тақырыбында тарих пәні мұғалімі Тлеуова Майра ұстаздар үшін дәріс оқыды.



Орындаған: Жасағанбергенова Б.И  
Тел: 27-7-47



## Сыбайлас жемқорлық түсінігі

(дөңгелек үстел)

20.12.2016 жыл

Қатысушылар: 5-11 сынып білім алушылары

**Мақсаты:** білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының адамгершілік-этикалық құндылық негіздерін қалыптастыру.

Бүгінде сыбайлас жемқорлық мәселесі барлық әлемді алаңдатып отырған аса өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.с.с., осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі болып отыр. Үлкен әлеуметтік қасірет болып табылатын ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қай-қайсысын да қатты алаңдататыны анық. Сыбайлас жемқорлық бұл мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алу.

Мемлекет басшысы сыбайлас жемқорлықтың ауқымы мен салдарларын нақты бағалап, осы қауіпті құбылыспен қатаң және шешуші түрде ымырасыз әрі жан-жақты жоспарлы күрес жүргізуді басты мақсат етіп отыр.

«Сыбайлас жемқорлық» түсінігі (латынша *conruptio*) — ақшаға сатып алу және саяси қайраткерлерді, мемлекеттік шенеуніктерді, лауазымдық тұлғаларды сатып алу дегенді білдіреді. Сыбайлас жемқорлық (лат.*conruptere*) біреуді ақшамен немесе басқа да материалдық құндылықтармен сатып алу.

Рим құқығында «*conruptere*» түсінігінің мағынасы – жалпылап айтқанда «сіндыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау», «параға сатып алу» және сот процесінде заңсыз әрекеттенуді білдірді. Нәтижесінде мақсаты - сот процесіне немесе қоғамдағы істерді басқару процесіне бөгет болатын, бірігіп әрекет жасайтын (екі адамнан кем емес) тұлғалардың әрекеті деген түсінік пайда болады.

Ғылыми, оқу және қоғамдық публицистикалық әдебиеттерден сыбайлас жемқорлыққа әртүрлі анықтама алуға болады. Орыс тілінің

түсіндірме сөздігінде сыбайлас жемқорлық пара беріп, сатып алу, лауазымды тұлғалардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипатталады.

Сыбайлас жемқорлық бұл жеке адамның немесе бір топ адамдардың қызмет жағдайын өз басының мүддесіне қарай пайдалануы және мемлекеттік қызметкерлердің қызмет бабын заңсыз пайда алуға бағыттауы.

Сыбайлас жемқорлыққа: парақорлық, непотизм (жеке байланыстар, немесе «өз адамдары» негізінде туысқандарын пайдалы орындарға немесе лауазымдарға орналастыру) және жеке бас мүддесі үшін мемлекет қаржысын иемдену кіреді.

Сыбайлас жемқорлық түсінігіне анықтама беруде әртүрлі көзқарастардың болуы осы құбылыстың өте күрделі мәселе екенін білдіреді және оны жан-жақты зерттеуді талап етеді.

Біздің түсінігіміз бойынша сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық категория ретінде лауазымдық тұлғалар мен қоғамның жекелеген мүшелері арасындағы үшінші тараптың мүддесіне зиян келтіре отырып, пайда алу мақсатында өз лауазымын пайдалану болып табылады.

Сыбайлас жемқорлық әрекеті нәтижесінде жеке тұлғаның, қоғам мен мемлекеттің құқық қорғайтын мүддесін елеулі түрде бұзу орын алады. Тек осы белгі бойынша сыбайлас жемқорлық қылмысын әкімшілік, тәртіптік, азаматтық-құқықтық жауапкершілік түрінен айырып алуға болады.

*Осылайша, біз, сыбайлас жемқорлықтың қылмыстық-құқықтық көрініс нысандарына:*

а) мемлекеттік билікке қарсы, мемлекеттік қызмет және жергілікті өзін-өзі басқару органдары қызметінің мүдделеріне қарсы;

е) лауазым иелерінің, соларға теңестірілген адамдардың, сонымен қатар, лауазым иесі болып табылмайтын мемлекеттік қызметкерлердің;

б) қызмет бабын пайдакүнемдік немесе басқа да жеке мүддесі үшін пайдаланып жасаған қылмыстарды жатқызамыз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте қылмыстық заңдылықты дамытудың маңызы ерекше.

## №6 Хромтау гимназиясында сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген іс-шара туралы мәлімет

Қоғамда құқықтың үстемдегі, оның мемлекеттен де биіктігі. Заң алдында барлығы да жауапты, барлығыда бірдей. Заңды сыйламайтын ел-берекесіз ел. 12 желтоқсан күні 11 сынып білім алушыларымен құқықтық мемлекеттің негізгі қағидаттарын, сондай-ақ біздің елімізде құқықтық мемлекеттің қалыптасу ерекшеліктерін талқылау мақсатында «Біздің таңдауымыз - заңды мемлекет» дөңгелек үстел болып өтті. Дөңгелек үстелге 26 білім алушы 4 мұғалім қатысты.



## Қызметтік этика – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың басым шарты

(дөңгелек үстел)

Өткізілген күні: 12.01.2017 жыл



«Жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс. Біз сонда ғана алға қойған биік мақсаттарға қол жеткізе аламыз» деп еді Елбасымыз. Сондықтан қоғамды жегідей жеп жатқан қауіпті індетпен көп болып күресуіміз қажет.

«Қазақстан–2050» Стратегиясының мақсаттарына сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күрес жүргізу арқылы ғана қол

жеткізуге болады. Елбасы айтып өткендей: «Мемлекет пен қоғам біртұтас майдан құрып жемқорлыққа қарсы шығуы тиіс. Жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес. Ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып табылады».

Сыбайлас жемқорлық көріністеріне немқұрайды қарау өткір қоғамдық мәселе болып отыр. Жемқорлық – қоғамдық санада руханилықтан гөрі, материалдық игіліктердің басымдық алғанын көрсететін құндылықтар дағдарысы.

Азаматтардың кейбір бөлігінің ұғымында сыбайлас жемқорлық үйреншікті іске, ал біреулер үшін зәру мәселелерді заңды айналып өтіп шешудің тәсіліне айналды.

Мұғалім – ең алдымен жоғары дәрежедегі тұрақты моральдық және психологиялық-педагогикалық даярлықты қажет ететін еңбектің бірі. Нағыз мамандық иесі деп оқушылардың ойы мен жүрегіне жол тапқан педагогтық шеберліктің қыр-сырын меңгерген ұстазды айтады. Бұл қасиет оның жеке басының ерекшеліктерінен көрінеді:

- 1) білім дәрежесі;
- 2) озық әдістемені меңгеруі;
- 3) мақсат-бағыттылығы;
- 4) ғылыми тілмен сөйлеу мәдениеттілігі.

Педагогикалық этика педагогикалық мораль мен моральдік құндылықтардың негізгі санаттарының түпкілікті мәнін қарастырады. Адамдардың адамгершілік қасиеттері мен мінез –құлқына, іс қимылына және өмірлік алуан түрлі құбылыстарға т.с.с. өзіндік баға беретін мейірімділік пен зұлымдық, адалдық пен ар-намыс туралы түсініктер жүйесін моральдік құндылықтар деп атауға болады. Педагогикалық қызметте моральдік түсініктердің негізгі түрлерінің бәрі қолданылады, дегенмен, педагогикалық қызмет пен қарым-қатынас тәрізді түсініктер этиканың жеке дара тарауына қатысты педагогикалық түйсіну тәрізді жекелеген түсініктерді бөле –жара көрсетеді. Осындай санаттың ішінде



кәсіби – педагогикалық *борыш*, педагогикалық *әділдік*, педагогикалық *ар-намыс* және педагогикалық *бедел* бар.

**Әділдік** дегеніміз жалпы алғанда, адамдардың адамгершілік қасиеті мен олардың қоғамдық танымал болуы, құқықтары мен міндеттері арасындағы өзара сәйкестілік деуге болады; педагогикалық әділдіктің: мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы барысында олардың тәртібін, қылығын, оқуға деген көзқарас- құлшынысын, адамгершілік тәрбиелілік деңгейін анықтау мен бағалау барысындағы мұғалімнің объективтілігі мен оның адамгершілігіне өзіндік баға беретін ерекше сипаты болады. Педагогикалық әділдік өзгешелігі оқушылар мен педагогтардың іс қимылды бағалау және оған қатысты жауап реакциясының әр түрлі адамгершілік деңгейде болуында; педагог объективтілігінің өлшемін анықтау көбінесе педагогқа байланысты болады; өзіндік қорғаныс деңгейі әр түрлі тараптар ара-қатынасының көбінесе жалпы моральдік бағалауға түсетіндігінде; ең ақыр аяғында педагогпен алдын ала бағдарламаланған педагогикалық қажеттіліктерді балалардың түсінбеуінде;

Кәсіби **педагогикалық борыш** – педагогикалық әдептің ең маңызды санаттарының бірі. Өзінің еңбегіне деген шығармашыл көзқарас, өз-өзіне қатаң талап қою, кәсіби білім-білігі мен педагогикалық шеберлігін арттыруға деген құлшыныс, оқушыға, оның ата-анасына деген құрмет көрсету және талап қою қажеттілігі, мектеп өмірінде кездесетін қиын да, күрделі шиеленістерді шеше білу тәрізді өзгеше іс –қимыл педагогтың кәсіби борышына жатады.

**Кәсіби ар-намыс** – бұл педагогикада мұғалімнің өз маңыздылығын түсініп қана қою емес, сонымен қатар оның қоғаммен танылуы және моральдік сипаты мен сіңірген еңбегіне деген қоғамның құрметі деген түсінікті білдіреді. Педагог мамандығында жеке бастың ар-намысы мен қасиетін түсіну сезімі ерекше байқалып тұрады. Егер мұғалім өз мінез –құлқында және тұлғалармен ара –қатынас барысында педагог идеалына қойылатын талаптарды бұзған болса, осыған сәйкес кәсіби ар-намысқа, педагогтың адамгершілік сипатына немқұрайлы қарау әрекеті демонстарцияланады. Мұғалімнің ар-намысы – оның кәсіби борышын орындау барысында көрінетін нақты кәсіби ар-намысына қоғамдық баға беру.

**Мұғалімнің педагогикалық беделі**- оның оқушылар мен мұғалімдер және әріптестер ұжымындағы моральдік статусы, бұл құрмет пен қошаметке ие болып жүрген беделді де, құрметті ұстаздың тәрбиеленушілердің тәртібі мен нанымдарына әсер ететін өзіндік тәртіп түрі. Педагогикалық бедел мұғалімнің осыған дейінгі алған моральдік-этикалық және психологиялық-педагогикалық даярлығына байланысты. Оның деңгейі білімнің, зеректіктің, шеберліктің тереңдігімен және өз еңбегіне деген ерекше қатынасымен т.б. анықталады.

**Педагогикалық тәртіп** - мұғалімнің қызметінде оның ойы мен әрекеті ұштасып жататын педагогикалық моральді іске асыру түрі. Тәртіп – іс-қимылдың барлық объективтік әсері мен оның субъективтік қабылдануын алдын ала көре білуді көздейтін адамгершілік тәртіп. Осы арқылы

мақсатқа жетудегі барынша жеңіл және мейлінше жағымсыз түрде жету ізденісі көрінеді. Педагогикалық тәртіп – үнемі шығармашылықта және ізденісте болу деген сөз.

### **Педагогикалық әдептің негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:**

#### 1) адалдық:

Педагог адалдығы олардың оқыту мен тәрбиелеу нәтижесіне, өз қызметіндегі түзетулерді жүзеге асыра білуіне, сынға және рефлексияға қабілетін дамытуға, оқушылардың, ата-аналардың, әріптестердің кез келген пікірі үшін ашықтығына жауапкершілігін білдіреді;

#### 2) әділдік:

Педагог әділдігі оның бағалау қызметінің ашықтығын, олардың құрған білім беру ортасының айқындылығын білдіреді. Әділдік педагогке оқушының, оның ата-анасының (занды өкілдерінің), әріптестерінің құқығын бұзуға тыйым салады;

#### 3) өзінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтеу:

Педагог өзінің кәсіби назарындағы объектілер болып табылатын оқушының, ата-ананың, адамдардың абыройы мен қадір-қасиетін құрметтейді, олармен қарым-қатынас жасауда өнегелі. Ол баланың дамуын шынымен қалап, оған әрқашан көмектесуге дайын екендігін білдіріп, білім алушының жетістігін (жетіспеушілігін) бағалауда әдептілік танытады.

Білім беру процесін қатысушыларына қатысты күш көрсету, моральдық және психикалық қысым жасау әдістерін қолдануға мүлдем жол бермейді;

#### 4) жалпы адами құндылықтарды құрметтеу:

педагог жалпы адами құндылықтардың басымдылығын мойындай отырып, әрбір ұлт мәдениетін ерекшелігіне, құндылығына және қадір-қасиетіне құрметпен қарайды.

Педагог ұлтаралық қатынастар мәдениетін тәрбиелейді, білім алушыларды жасына, жынысына, тіліне, ұлтына, діни көзқарасына, азаматтығына, шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына немесе өзге де кез келген жағдайларға қарамастан барлық ұлттар мен барлық адамдардың құқығы мен қадір-қасиетін құрметтеуге үйретеді;

Педагог мектеп ұжымында сенім білдіру және құрметтеу ахуалын жасауға мүмкіндік туғызады;

#### 5) кәсіби ынтымақтастық:

педагог мамандық мәртебесі туралы ойлайды, әріптестерінің абыройын және қадір-қасиетін құрметтейді, мұғалім беделіне нұқсан келтіретін іс-әрекеттерге жол бермейді.

Педагог, қандай да бір дұрыс емес нәрселерді жасауға, өз әріптестерінің сеніміне нұқсан келтіруге, олардың кәсіби міндеттерін атқаруына кедергі жасауға, оларға қандай да бір шығын келтіруге жол бермейді. Педагог өз әріптестерінің теориялық және әдістемелік шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық қабілетін дамытуға, қиын жағдайға тап болған әріптестеріне көмек беруге жәрдем көрсетеді. Кәсіби ынтымақтастық жалғандық пен әділетсіздікті ақтауға қызмет етпейді;

#### 6) үздіксіз кәсіби даму.

Педагог өзінің кәсіби шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін жетілдіреді.

### **Педагогикалық әдептің негізгі нормалары**

6. Педагог қызметкер өз қызметінде:

1) білім алушылар мен тәрбиеленушілерді ата-аналарына, этномәдени құндылықтарға құрмет көрсетуге, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға, жоғары адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге мүмкіндік жасайды;

2) Қазақстан Республикасы педагог қызметкерінің жоғары атағының беделін түсіруге мүмкіндік туғызатын іс-әрекеттерді жасауға жол бермейді;

3) өзінің қызметтік міндетін адал және сапалы орындайды;

4) өзінің кәсіби шеберлігін үздіксіз жетілдіреді, өз бетінше білім алу және өзін-өзі жетілдірумен белсенді түрде айналысады;

5) еңбектәртібін бұлжытпай сақтайды;

6) білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарайды және оны жеке мақсатта пайдаланбайды;



Орындаған: Жасаганбергенова Б.И